

"Солтүстік Қазақстан облысында 2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 1 ақпандағы № 27 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 465 қаулысы
Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысында 2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 1 ақпандағы № 27 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің

2024 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 465 қаулысына қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің

2024 жылғы 1 ақпандағы
№ 27 қаулысына 1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысында 2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Топтың атауы	Елді мекен	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы	
				Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)
1	Петропавл қаласы	Толық емес күн болатын топ	қала	10	24 313
		Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	6 711	68 030
		Санаторлық топ	қала	100	82 188
		Арнайы топтар	қала	144	98 693
2	Қызылжар ауданы	Толық емес күн болатын топ	ауыл	18	27 087
		Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	559	77094
3	Ғ а б и т Мүсірепов атындағы аудан	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	385	110 969
4	Уәлиханов ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	308	88 127
		Санаторлық топ	ауыл	19	92 589
5	Мағжан Жұмабаев ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	68	194 603
6	Айыртау ауданы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	464	78 361
		Санаторлық топ	ауыл	11	92 589
7	Тайынша ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	281	86 950

			ауыл	99	106 983
		Санаторлық топ	қала	6	82 188
8	Аққайың ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	134	108 045
9	Ақжар ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	264	106 172
		Санаторлық топ	ауыл	25	92 589
10	Шал ақын ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	95	81 646
11	Жамбыл ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	230	95 287
12	Есіл ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	204	99 369
13	Тимирязев ауданы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	113	96 884